

## Кеңтүбек ауылы

Кеңтүбек ауылының қойнауы шежіре мен тарихқа толы. Тарихы 1845 жылдан Кіші жүздің Табын руларының көшіп-қонып мал жайған жерлерінің бірі болған. Көзі көрген қариялардың айтуы бойынша Кеңтүбек ауылына Ресей мен Украинадан көшіп келушілердің көпшілігі Украинаның Екатеринослав өлкесінің (қазіргі Днепропетровскі облысы) Григорьевка ауылынан көшіп келгендер, жаңадан құрылған біздің ауылға «Григорьевка» деп өз елінің атауын берген. Ауылымыздың өткен тарихы туралы мәліметтерді 1845 жылдан бастап кездестіруімізге болады. Бұл кезеңде Кіші Жүздің Табын руларының көшіп-қонып мал жайған жерлерінің бірі болды. Олар негізінен ірі қара малын көптеп ұстаған және жылқы мен отарлап қой өсірген. Ал 1907-1910 ж.ж. Столыпіннің аграрлық реформасына байланысты, Қазақстанның жеріне Ресей мен Украинадан көшіп-келушілерге жер бөліп берді. Сөйтіп, 1909 жылы Утва өзенінің бойында, бірінші көшіп-келушілер келіп қоныстана бастады. Олар негізінен Украинадан және Ресейдің оңтүстік - батыс өлкесінен келді.

Қазан революциясының қарсаңында, Григорьевка халықтың көп қоныстанған орталығы болатын ауылда шамамен 300 үй, шіркеу, 40 шақты дүкен, шайхана, сауда орны, үлкен будың көмегімен жұмыс жасайтын диірмен болған. Базарда қызу сауда жүріп, онда Атыраудан балық әкелініп сатылатын. Сонымен қатар нан, ет, тұз тағамдары, жеміс, көкөніс, тері-жүн және тағы басқада түрлі заттармен сауда жасасқан. Азамат соғысы жылдарындағы оқиғалар Григорьев ауылының тұрғындарында айналып өтіп кетпеді. Григорьевка ауылы 1919 жылы ақ казактардың қорғанатын тыл орталығының бірі болған. Бірнеше рет Григорьевка ауылы ақтармен қызылдардың арасындағы соғыстарының нәтижесінде, қолдан-қолға өтіп отырды.

1930 жылдың басында ұжымдастыру басталды. Кішігірім жеке шаруашылықтарды біріктіріп бір тұтас колхоздар құрылды. Жергілікті ауқатты шаруалар қатты қарсылық көрсетті, солардың бірі И.Король, Н.Стариченко, Т. Криворотенко және тағы басқалары. Ауыл әкімшілік аумақтарында ауылшаруашылық артельдері ұйымдастырылды: Григорьевка ауылын - «Красный Маяк» деп атаған, ал Пролетарканы – «Серп и Молот», Бақтыаралды - «Ким» деп атаған.

1946-1947 жылдары «Красный Маяк», «Серп и Молот», «Ким» колхоздарында өте қиын ашаршылық уақыт болды. Сол жылдары адамдар аң - құс аулап, тарының масағын жинап тамақтансада адамдар арасында аштыққа шалдығып, өлім-жетімге ұшырағандар көп болды.

1950 жылы үш кішігірім колхоздар: яғни «Серп и молот», «Ким», «Красный маяк » біріктіріліп бір үлкен «Красный маяк» колхозы құрылды. Мектеп тарихына тоқтала кетсек, 1963 жылы ашылған 8 жылдық білім беретін мектеп болып, 1969 жылы орта орыс тілінде оқытатын білім ордасы болған.

1980 жылы типтік үлгідегі 485 орындық 2 қабатты жаңа мектеп ғимараты салынып, пайдалануға берілді. Мектептің ең алғашқы директоры (1979- 1991 ж.ж) 12 жыл бойы КСРО ағарту ісінің үздігі Жұмағұлов Марат Рамазанович тағайындалды. Педагогикалық ұжымда ең алғашқы еңбек жолдарын бастап, шәкірттерге сапалы білім, саналы тәрбие беруде ұстаздықтың ізгі жолын салған мына ұстаздарды атауға болады: Мирманова Кенжекей Меңдіғалиқызы, Дәулетқалиева Шұға Сапаровна, Мұқанаева Ақжібек Шінішевна, Қазбанова Мнаура Тамбековна, Курицына Нина Николаевна, Джумашева Доларес Қанапияновна ұрпақтарға білім беріп, тәрбиелеуде адал еңбек еткен, қазіргі таңда зейнеткер-ардагер ұстаздарымыз. Бөрлі аудандық мәслихат пен Батыс Қазақстан әкімшілігінің №23 шешімімен 2002 жылы 13 қыркүйекте Григорьевка ауылы «Кеңтүбек селолық округі» атауына аударылды. Округ аумағы 36 925 мың гектар жер, халық саны -1087 адам. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін, осы 25 жыл ішінде Кеңтүбек ауылында көптеген игі істер атқарылды. «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы аясында ауылымызда бірнеше ғимараттар бой көтерді.

2005 жылы Кеңтүбек ауылының тұрғындары үшін өте құтты жыл болды. Өйткені осы жылы 18 наурызда халық көптен армандап күткен көгілдір отын ауылымызға өткізілді. Жаңақоныс ауылынан су құбырын тартқызып, таза су ауылдың басты көшелеріне жүргізіліп, колонкалар қойылды. Бұған дейін ауыл тұрғындары таза су зардабын тартып, Ақсайдан тасып ішуге тура келген еді.

2008 жылы 4 пәтерлік екі үй салынып, "Дипломмен ауылға" бағдарламасы бойынша ауылға келген жас мамандарға, яғни жас ұстаздар мен дәрігерлерге жаңа үй берілді.

Кеңтүбек ауылында Мәдениет үйі, 5 үйірме және кітапхана жұмыс істейді. Ауыл тұрғындарына арналған емхана және қажетті дәрі-дәрмектермен қамтылған дәріханамен қамтамасыз етілген.

2007 жылы "Үздік елді мекен" аудандық байқауында Кеңтүбек селолық округі ІІ орынды және 2010 жылы "Аудандық үздік ауыл" байқауының қорытындысы бойынша ІІІ жүлделі орынды иеленді.

Еліміздің мақсаты - гүлденген, көркейген ауылдар санын көбейту, халық тұрмысын жақсарту. Ал баршамыздың мақсатымыз - туған өлкеміздің ауыл тарихын зерттеп, ата-бабадан қалған мұраларды сақтау, жинақтау және жас ұрпақтардың бойына патриоттық, отансүйгіштік қасиеттерді дәріптеу.

*«Бөрлі жаршысы» №51, 22.12.2017*

*Дүйсенова Гульжан Есеновна*